



010000, Астана, Парламент Мәжілісі
Парламента

010000, Астана, Мажилис

201__ жылғы “_____” _____
года

«__» _____ 201__

№ _____

№

22 ақпан 2017 ж. жарияланды

**Қазақстан Республикасы Премьер-
Министрінің орынбасары –
Ауылшаруашылығы министрі
А.Мырзахметовке**

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Аскар Исабекұлы!

Аграрлық мәселелер жөніндегі комитет өткізген фитосанитарлық қауіпсіздік пен өсімдіктер карантині мәселелеріне арналған тақырыптық отырыстың нәтижелері бойынша Сіздің назарыңызды аудартқымыз келетін проблемалық мәселелер анықталды.

Қазақстанның жеміс-жидек бақтарын қауіпті ауруы – жеміс ағаштарының бактериялық күйіп кетуі құртып жатыр. Бұл ауру Қазақстанда 2011 жылы тіркелді, ал бес жыл ішінде осы аурумен зақымданған жеміс бақтарының ауданы 36 есеге өсті. Өзінің әлеуетті залалы бойынша бактериялық күйік қазақстандық бау-бақша шаруашылығы үшін жеміс ағаштарының барлық қоса алғандағы белгілі аурулардың бәрінен де зиянды болып отыр, себебі зақымданғаннан кейін 2-3 жыл ішінде ағаштың бәрі құрып кетуіне әкеледі. Әлсіздеу зақымдағанда ауру өнімді 25-30 пайызға төмендетіп, оның сапасы күрт нашарлайды. Бұл ауру қазақстандық бау-бақша шаруашылығы үшін қасіретке айнала алады. Солтүстік Америка мен Еуропада бактериялық күйік жүздеген мың жеміс, декоративтік ағаштар мен

бұталарды құртып, орасан зор экономикалық залал келтірді. Елбасының тапсырмасымен республика ғалымдары жаңғыртумен айналысып жатқан алматы апортына бактериялық күйік айрықша қауіп төндіреді. Далалық қадағалаулар қазірдің өзінде апорттың осы ауруға сезімтал сорттардың бірі екенін көрсетіп отыр.

Ауруды оқшаулап, жою үшін осы жер теліміндегі 30 шақырым радиустағы ағаштар мен барлық өсімдіктерді тамырымен қопарып алып, өртеп жіберу қажет. Бұл көптеген миллиард шығындарға ұшыратады. Қазақстанның барлық жеміс ағаштарының 50 пайыздан астамын жоғалтуымыз мүмкін, ал бұл экологиялық апатқа әкеледі – қаланың парктері мен гүлзарларына, жол бойындағы қорғаныш жасыл жолақтарға құрып кету қаупі төнеді.

Бұдан басқа, бюджет қаражатын ұтымды және тиімді пайдалану мәселесі туындайды. Қазіргі іс жүзіндегі «Агробизнес-2020» бағдарламасымен 2020 жылға қарай ішкі нарықты 600 мың тонна алмамен толтыру және көрші елдерге тағы 400 мың тоннасын экспорттау көзделген. Осы мақсаттарға 2007 жылдан бастап мемлекеттік бюджеттен жеміс-жидек дақылдары мен жүзім отырғызуды субсидиялауға жыл сайын орасан көп қаражаттар бөлінуде. 2014 жылдан бастап алма бақтарын отырғызуды инвестициялық субсидиялау бағдарламасы іске асырылуда, ол ауылшаруашылық өндірушілердің көшеттер сатып алуға, тамшылатып суару жүйесіне, бақша техникасын алуға жұмсаған шығындарын 40 пайызға дейін өтеуді қарастырады. Ал мұның бәрінің жеміс ағаштарының бактериалық күйік проблемасын шешпейінше мағынасы жоқ. Аурушандық кесірінен жеміс беріп тұрған бақтар қазір-ақ кесіліп жатыр, осындай жағдай жаңадан отырғызылған жеміс ағаштарын да күтіп тұр. Сөйтіп, бағдарлама аяқсыз қалуы мүмкін. Егер бактериалды күйікті тоқтатпаса, халықтың миллиардтаған теңгелері зақымданған жас ағаштармен бірге отқа жағылып кетуі мүмкін.

Республикамыздың оңтүстік өңірлеріндегі ауылшаруашылық тауарларын өндірушілердің тағы бір қауіпті жауы карантиндік зиянкес – қауын шыбыны болып отыр, ол өте тез тарайды. Егер бұл зиянкес 2011 жылы тек Қызылорда облысының кейбір аудандарында ғана анықталса, қазір онымен Қызылорда облысының барлық өңірлері және Оңтүстік Қазақстан облысының 9 ауданы зақымданып отыр. Зақымданған аудандардың жалпы алаңы 6,2 мың га құрайды. Бақша дақылдарының зиянкестері тек қауынды жаппай бүлдіріп қоймай, қарбыз бен қиярларды да зақымдайды.

Осы зиянкестердің тез тарауынан және олармен күрестің пәрменді шаралары болмауынан оңтүстік өңірлердің көптеген шаруалары жеміс-жидек дақылдарын дамытумен шұғылдандудан қауіптенеді және қауын-қарбыз

өсіруден бас тартып отыр. Егер екі облыста 3,5 млн халық тұратынын ескерсек, мәселе әлеуметтік сипатқа ие болатыны жасырын емес.

Осы айтылғандарға байланысты Сізден жеміс-жидек дақылдарының бактериалық күйігі мен қауын шыбынына қарсы кешенді қорғау жүйесін жасауды, зиянкестердің көрсетілген түрін карантиндік нысандар мен аурушаңдықтың аса қауіпті зиянды организмдері тізбесіне енгізуді, олармен күресу үшін және жеміс-жидек пен бақша өнімдерін өндірушілеріне мемлекеттік қолдау мақсатында 2017-2019 жылдарға тиісті қаражат қарастыруды сұраймыз.

Нәтижесі жөнінде «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңына сәйкес жазбаша түрде жауап беруіңізді сұраймыз.

**Құрметпен,
депутаттар**

А.Ералиев

С.Омаров

М.Темиржанов

С.Қаныбеков

Б.Жылқышиев

Г.Шиповских

Орындаған Р.Құдияров
74-63-50

Оглашен 22 февраля 2017 г.

**Заместителю Премьер-Министра
Республики Казахстан-Министру сельского
хозяйства А.Мырзахметову**

ДЕПУТАТСКИЙ ЗАПРОС

Уважаемый Аскар Исабекович!

По результатам тематического заседания, проведенного Комитетом по аграрным вопросам, по вопросам фитосанитарной безопасности и карантина растений выявлены проблемные вопросы, на которые хотим обратить Ваше внимание.

Фруктовые сады Казахстана уничтожает опасное заболевание - бактериальный ожог плодовых деревьев. Данная болезнь зарегистрирована в Казахстане в 2011 году и за пять лет площади фруктовых садов, зараженных данной болезнью, выросли в 36 раз. По своему потенциальному ущербу бактериальный ожог для казахстанского садоводства вредоноснее всех известных болезней фруктовых деревьев вместе взятых, так как через 2-3 года после поражения вызывает гибель всего дерева. При слабом поражении болезнь снижает урожай на 25-50 процентов и резко ухудшает его качество. Эта болезнь может стать трагедией для казахстанского садоводства. В Северной Америке и в Европе бактериальный ожог привел к гибели сотен тысяч плодовых, декоративных деревьев и кустарников, причинив огромный экономический ущерб. Особую опасность бактериальный ожог представляет для алматинского апорта, возрождением которого по поручению Главы государства занимаются ученые республики. Полевые наблюдения уже показали, что апорт оказался одним из восприимчивых сортов к этой болезни.

Для локализации и ликвидации болезни потребуется выкорчевка и сжигание деревьев и всей растительности на данном участке в радиусе 30 километров. Это повлечет многомиллиардные убытки. Потери могут составить более 50 процентов всех плодовых насаждений Казахстана, что может привести к экологической катастрофе - под угрозой гибели окажутся парки и скверы городов, защитные полосы вдоль дорог и так далее.

Кроме того, возникает вопрос рационального и эффективного использования бюджетных средств. Ныне действующей программой «Агробизнес-2020» предусмотрено к 2020 году насытить внутренний рынок 600 тысячами тонн яблок и экспортировать в соседние страны еще 400 тысяч тонн. В этих целях, с 2007 года из госбюджета на субсидирование закладки плодово-ягодных культур и винограда ежегодно выделяются огромные средства. С 2014 года реализуется программа инвестиционного субсидирования закладки яблоневых садов, которая предусматривает возмещение до 40 процентов расходов сельхозпроизводителей на

покупку саженцев, систем капельного орошения, садовой техники. Но все это не имеет смысла без решения проблемы бактериального ожога плодовых. Из-за болезни уже вырубаются плодоносящие сады, такая же участь ожидает и новые посадки плодовых деревьев. Таким образом, программа может оказаться под срывом. Миллиарды народных денег могут быть сожжены вместе с пораженными молодыми деревьями, если не остановить бактериальный ожог.

Еще одним опасным врагом сельхозтоваропроизводителей южного региона республики является карантинный вредитель - дынная муха, которая распространяется очень быстро. Если данный вредитель был обнаружен в 2011 году только в отдельных районах Кызылординской области, то на сегодняшний день им заражены все регионы Кызылординской области и 9 районов Южно-Казахстанской области. Общая площадь зараженных площадей составляет 6,2 тыс.га. Вредитель бахчевых не только массово повреждает дыни, но и арбузы с огурцами.

Из-за быстрого распространения данных вредителей и отсутствия действенных мер по борьбе с ними многие крестьяне южных регионов опасаются заниматься развитием плодовых культур и отказываются от выращивания дынь и арбузов. Если учесть, что в двух областях живут более 3,5 млн. населения вопрос обретает и социальный характер.

В связи с вышесказанным просим Вас рассмотреть вопросы комплексной системы защиты против бактериального ожога плодовых культур и дынной мухи, включения указанных видов вредителей в перечень карантинных объектов и особо опасных вредных организмов, выделения средств для борьбы с данными вредителями, а также в целях государственной поддержки производителей плодово-ягодных и бахчевых культурна 2017-2019 годы.

О результатах просим ответить в письменном виде в соответствии с Конституционным Законом «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов».

**С уважением,
депутаты**

А.Ералиев

С.Омаров

М.Темиржанов

С.Каныбеков

Б.Жилкишиев

Г.Шиповских

*Исп.Р.Кудияров
74-63-50*